

## Әскери қызметшінің отбасылық-мүліктік жағдайын тексеру актісінің үлгі нысанын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2019 жылғы 27 мамырдағы № 379 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 3 маусымда № 18774 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 25 мамырдағы № 124 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызмет өткеру қағидалары 55-тармағының 4) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған әскери қызметшінің отбасылық-мүліктік жағдайын тексеру актісінің үлгі нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының Ұйымдастыру-жұмылдыру жұмыстары департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықтың көшірмесін мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және оған енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) мемлекеттік тіркелген күннен бастап он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығына жүктелсін.

4. Осы бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Қорғаныс министрі генерал-майор

Н. Ермакбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Бас прокуратурасы  
2019 ж. " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік күзет қызметі  
2019 ж. " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық қауіпсіздік комитеті  
2019 ж. " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ішкі істер министрлігі  
2019 ж. " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Қорғаныс министрінің  
20\_\_ жылғы 27 мамырдағы  
№ 379 бұйрығымен  
бекітілген

## **Әскери қызметшінің отбасылық-мүліктік жағдайын тексеру актісінің үлгі нысаны**

1. \_\_\_\_\_ өкілі  
(жергілікті әскери басқару органы,

\_\_\_\_\_ және  
әскери атағы, лауазымы, тегі және инициалдары)  
мемлекеттік органдардың, өзге де ұйымдардың өкілдері немесе уәкілетті  
органның лауазымды адамдары \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (лауазымы, тегі және инициалдары)

\_\_\_\_\_ (әскери қызметшінің тегі, инициалдары, туған жылы)

\_\_\_\_\_ отбасылық-мүліктік жағдайына тексеру жүргізді.

2. Әскери қызметші қызмет өткеретін әскери бөлімнің шартты атауы

3. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлері  
мен әскери құралымдарына қай облыстың \_\_\_\_\_

қаланың \_\_\_\_\_ (ауданның) әскерге шақыру комиссиясы әскерге шақырды.

4. Әскери бөлімге қашан жіберілді (жылы, айы) \_\_\_\_\_

5. Қайда жұмыс істеді немесе оқыды (оқиды) \_\_\_\_\_

(лауазымы, жалақы мөлшері, оқу орнының курсы көрсетілсін)

6. Асырауында кім бар немесе болған \_\_\_\_\_

7. Әскери қызметшінің отбасы құрамы:

Р/с №	Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған кезде)	Туған жылы	Туыстық қатынасы	Тұрғылықты жері	Денсаулық жағдайы (мүгедектік тобы)	Лауазымы, жалақы (зейнетақы) мөлшері
1	2	3	4	5	6	7

8. Әскери қызметші отбасының тұрғын үймен қамтамасыз етілуі \_\_\_\_\_

9. Әскери қызметші отбасының өмір сүруге қаражат көздері \_\_\_\_\_

10. Ата-анасынан бөлек тұратын әскери қызметшінің аға-інілері мен апа-қарындастары:

Р/с №	Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған кезде)	Туған жылы	Туыстық қатынасы	Тұрғылықты жері	Денсаулық жағдайы (мүгедектік тобы)	Лауазымы, жалақы (зейнетақы) мөлшері
1	2	3	4	5	6	7

11. Әскери қызметшінің аға-інілері мен апа-қарындастары тарапынан ата-аналарына қандай көмек көрсетіледі \_\_\_\_\_

12. Әскери қызметшінің отбасы неге мұқтаж, отбасына қандай материалдық көмек және кім көрсетті немесе көмек көрсетілуде \_\_\_\_\_

13. Әскери қызметшінің отбасылық-мүліктік жағдайын тексеру нәтижелері бойынша қорытындылар мен ұсыныстар \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ өкілі \_\_\_\_\_

(жергілікті әскери басқару органы, лауазымы, әскери атағы, тегі және инициалдары) (қолтаңбасы)

\_\_\_\_\_ өкілдері \_\_\_\_\_

(мемлекеттік органдардың, өзге де ұйымдардың немесе уәкілетті органның лауазымды адамдары) (қолтаңбасы)

\_\_\_\_\_ өкілдері \_\_\_\_\_  
(мемлекеттік органдардың, өзге де ұйымдардың немесе (қолтаңбасы)  
уәкілетті органның лауазымды адамдары)

\_\_\_\_\_ өкілдері \_\_\_\_\_  
(мемлекеттік органдардың, өзге де ұйымдардың немесе (қолтаңбасы)  
уәкілетті органның лауазымды адамдары)

\_\_\_\_\_ өкілдері \_\_\_\_\_  
(мемлекеттік органдардың, өзге де ұйымдардың немесе (қолтаңбасы)  
уәкілетті органның лауазымды адамдары)

14. Жергілікті әскери басқару органының қорытындысы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Мөр орны (бар болған кезде)

\_\_\_\_\_ қаласы \_\_\_\_\_ ауданы қорғаныс істері жөніндегі  
**басқармасының (бөлімінің) бастығы**

\_\_\_\_\_ (лауазымы, әскери атағы, қолы, тегі және инициалдары)

20\_\_ ж. " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Ескертпе: актінің 3, 4, 5, 8, 9, 11 және 12-тармақтары, сондай-ақ 7 және 10-тармақтарында көзделген кестенің 7-бағаны "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында көзделген мән-жайлар болған кезде "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында белгіленген мерзімді қызмет мерзімі аяқталғанға дейін әскери қызметтен шығарылатын мерзімді әскери қызмет әскери қызметшілерінің отбасылық-мүліктік жағдайын тексеру кезінде толтырылады.